

**Коммерциялық емес акционерлік қоғам
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»**

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
КеАҚ тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай-күйі туралы
2025 жылғы 4-тоқсанға арналған
ЕСЕП**

Қарағанды 2026

Мазмұны

1. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жалпы мәліметтер	3
2. Ағымдағы жағдайды талдау: тәуекелдерді басқару бөлігінде Тұрақты даму орталығының ағымдағы жай-күйі туралы есеп	4
3. Іске асқан тәуекелдерді талдау	6
4. Тәуекелдердің басталу ықтималдығын талдау	6
5. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жоспарланған іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпарат	7
Қорытынды	10

1. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жалпы мәліметтер

Риск-менеджментті корпоративтік басқару жүйесіне интеграциялау шеңберінде 2025 жылдың 4-тоқсанында мынадай жұмыстар орындалды:

1. Инцидентті тіркеген тәуекел иесін көрсете отырып, Инциденттер тізілімі қалыптастырылды. Инциденттер тізілімі ТБАЖ әкімшісі режимінде қарауға қолжетімді.

Сондай-ақ ТБАЖ шеңберінде әкімші режимінде тәуекелдің мынадай атрибуттарын қарау мүмкіндігі қосылды:

1. Тәуекел атауы
2. Инциденттер
3. Алдын алу іс-шаралары
4. Реактивті іс-шаралар
5. Құрылымдық бөлімшелер (иелері)
6. Шоғырландырылмаған тәуекелдер тізбесі (шоғырландырылған тәуекелмен байланысты).

2. 2025 жылғы қарашада университетте тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту шеңберінде қызметкерлерге жоспарланған оқыту өткізілді, тақырыбы: «ISO 31000:2018 сәйкес тәуекелдерді басқару процесін қолданыстағы процестерге, оның ішінде шешімдер қабылдау процесіне интеграциялау».

Оқытуға университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерін ұсынатын 23 қызметкер қатысты.

Оқыту барысында қатысушылар:

- ISO 31000:2018 стандартының қағидаттары мен талаптарымен танысты;
- тәуекелдерді басқаруды негізгі басқарушылық және операциялық процестерге интеграциялау тәсілдерін зерделеді;
- басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді есепке алудың практикалық құралдарын қарастырды;
- тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу саласындағы құзыреттер деңгейін арттырды.

Оқыту қорытындысы бойынша қызметкерлердің тәуекел-менеджмент саласындағы хабардарлығының артқаны және тәуекелдерді басқаруды университет қызметіне интеграциялаудың бірыңғай тәсілі қалыптасқаны атап өтілді. Алынған білім құрылымдық бөлімшелердің практикалық жұмысында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін пайдаланылатын болады.

**Коммерциялық емес акционерлік қоғам
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»**

2. Ағымдағы жағдайды талдау: тәуекелдерді басқару бөлігінде Тұрақты даму орталығының ағымдағы жай-күйі туралы есеп

2.1. Есепті кезеңде анықталған тәуекелдер және қабылданған шаралардың нәтижелілігін бағалау

Тәуекел атауы	Макроорта факторларының тобы	Тәуекел факторы	Тәуекел түрі	Тәуекел сипаттамасы	Тәуекел іске асуының салдары
Макроортаның элеуметтік-демографиялық факторлары					
ПОҚ сапалық құрамының төмендеу тәуекелі	Персоналды басқару	Ғылыми мектептер сабақтастығының болмауы, жас ғалымдарды, оның ішінде қорғауға шығу бойынша қолдау сапасының төмендеуі	стратегиялық	Персоналдың қартаюына және ғылыми дәрежесі бар жас ПОҚ санының жеткіліксіздігіне байланысты ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының 10%-дан астам қысқаруы	Ықтимал салдарлар: 1. Білім беру және ғылыми әлеуеттің әлсіреуі, жұмыс берушілер сенімінің төмендеуі, аккредиттеу көрсеткіштерінің нашарлауы.
Оқыту сапасының төмендеу тәуекелі	Персоналды басқару	Әртүрлі себептерге байланысты ПОҚ құрамының өзгеруі (оның ішінде педагогикалық тәжірибесі / педагогика саласында біліктілікті арттыру сертификаттары жоқ тұлғалармен штатты жасақтау)	академиялық	Қолданылатын оқыту әдістеріне әсер ететін тәжірибелі оқытушылар санының қысқаруы	Ықтимал салдарлар: 1. Оқудан шығарудың өсуі, студенттердің қанағаттанушылығының төмендеуі, ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позициялардың нашарлауы.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

2.2. Іске асқан негізгі тәуекелдер туралы мәліметтер

Іске асқан негізгі тәуекелдер тіркелген жоқ.

2.3. Құрылымдық бөлімшелердің іске асқан тәуекелдері туралы ақпарат

Тәуекел атауы	Тәуекел оқиғасы (инцидент)	Залал сипаттамасы	Инцидент күні	Құрылымдық бөлімше	Тәуекел түрі	Инцидент тіркелген тоқсан
ПОҚ сапалық құрамының төмендеу тәуекелі	аға оқытушы Н.З. Ошановтың жұмыстан шығуы	ғылыми дәрежелілік деңгейінің төмендеуі. басқа ПОҚ-қа жүктеменің артуы	12.11.2025	Қазақстан тарихы кафедрасы	стратегиялық	Тоқсан: 4
Оқыту сапасының төмендеу тәуекелі	оқытушылардың біліктілігінің жеткіліксіздігі немесе кәсіби қажуы	студенттердің үлгерімі мен қызығушылығының төмендеуі; білім беру ұйымы беделінің нашарлауы	13.12.2025	Энергетикалық жүйелер кафедрасы	академиялық	Тоқсан: 4

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

3. Іске асқан тәуекелдерді талдау

Іске асқан тәуекелдерді «5 WHY» әдісі бойынша талдау

1. ПОҚ сапалық құрамының төмендеу тәуекелі (Қазақстан тарихы кафедрасы)

1 WHY	2 WHY	3 WHY	4 WHY	5 WHY
Ғылыми дәрежелілікті арттыру динамикасының болмауы	Докторантураны аяқтағаннан кейін қорғауға шыққан ПОҚ үлесінің төмен болуы	Докторантураны аяқтағаннан кейін жүктеменің артуына және бейіні бойынша жарияланымдарға байланысты жеке сипаттағы себептер	-	-
	Еңбек өтілі үлкен оқытушының жұмыстан шығуы	Жеке сипаттағы себептер	-	-

Осы тәуекел бойынша кафедра деңгейінде докторантураны аяқтаған ПОҚ-қа диссертация қорғауға жәрдем көрсетуге бағытталған ынталандыру шараларын енгізу қажет.

2. Оқыту сапасының төмендеу тәуекелі (Энергетикалық жүйелер кафедрасы)

1 WHY	2 WHY	3 WHY	4 WHY	5 WHY
Бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарының / тағылымдамалардың жеткіліксіздігі немесе кәсіби қажу	Бейіні бойынша біліктілікті арттыру мен кәсіпорындардағы тағылымдамалардың жүйелілігінің болмауы	ПОҚ құзыреттерін дамыту қажеттіліктерін тұрақты бағалаудың болмауы	Кафедра деңгейінде оқыту сапасы мен ПОҚ әл-ауқатын мониторингтеу құралдары енгізілмеген (сауалнамалар, KPI, студенттердің кері байланысы).	-

Кері байланыс тетіктері арқылы оқыту сапасы мен ПОҚ әл-ауқатын мониторингтеу бойынша кафедра деңгейінде қосымша шараларды енгізу қажет.

4. Тәуекелдердің басталу ықтималдығын талдау

2025 жылдың 4-тоқсанында тәуекелдердің басталу ықтималдығын талдау Қоғамның негізгі шоғырландырылған тәуекелдері және олармен байланысты іске асқан шоғырландырылмаған тәуекелдер бойынша жүргізілді.

1. Шоғырландырылған және олармен байланысты іске асқан шоғырландырылмаған тәуекелдерді талдау.

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 4-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

Шоғырландырылған тәуекелдер	Іске асуы	Іске асқан шоғырландырылмаған тәуекелдер	Шоғырландырылған тәуекелдің басталу ықтималдығының болжамы
ПОҚ сапалық құрамының төмендеу тәуекелі [Басқарма мүшесі – ҒЗ жөніндегі проректор]	жоқ	іске асқан шоғырландырылмаған тәуекел: «ПОҚ-тың ғылыми дәрежелілік деңгейінің төмендеу / оң динамикасының болмау тәуекелі» Қазақстан тарихы кафедрасында	Шоғырландырылмаған тәуекелдер бойынша реактивті іс-шаралардың іске асырылуына байланысты төмен: аға оқытушы Н.З. Ошановтың (магистр) жұмыстан шығуы ғылыми дәрежелілік деңгейіне әсер еткен жоқ. Сонымен қатар докторантураны аяқтаған үш ПОҚ қорғауға шықпады, бұл алдағы уақытта ПОҚ сапалық құрамының жалпы деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін.
Оқыту сапасының төмендеу тәуекелі [Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор]	жоқ	іске асқан шоғырландырылмаған тәуекел: «Оқыту сапасының төмендеу тәуекелі» Энергетикалық жүйелер кафедрасында	Шоғырландырылмаған тәуекелдер бойынша реактивті іс-шаралардың іске асырылуына байланысты төмен: кафедра ПОҚ-ының бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуін жандандыру

5. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жоспарланған іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпарат

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты	Нәтиже
1.	Университет қызметкерлерінің барлық санаттары үшін «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәуекел-менеджмент» тақырыбында тәуекелдерді басқару саласында оқытуды ұйымдастыру	2025 жылғы қараша	Ректордың HR жөніндегі кеңесшісі Тұрақты даму орталығы	Нәтижелері бойынша есеп тәуекелдерді басқару процесін түсіну бойынша сауалнама негізгі процестерді тәуекелдердің туындауы тұрғысынан талдау

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 4-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

2.	Тәуекел иелерімен фокус-топтық зерттеулер: Қоғамның тәуекел-мәдениетінің қалыптасуының ағымдағы жағдайын талдау	2025 жылғы қазан-қараша	Тұрақты даму орталығы	Оқыту аяқталғаннан кейін тәуекелдердің туындауын ескере отырып негізгі процестерге талдау жүргізілуіне байланысты тәуекел-мәдениеттің қалыптасуын талдау 2026 жылғы наурыз-сәуірге ауыстырылды.
3.	Макроорта факторларының Кешенді даму бағдарламасын орындауға әсерін бағалау	2025 жылғы қазан	Стратегиялық даму департаменті, Тұрақты даму орталығы	Кешенді даму бағдарламасын орындау бойынша талдау, оның ішінде макроорта факторларын ескере отырып орындалмау себептерін көрсете отырып, 2025 жылғы желтоқсанда факультеттер бөлінісінде Ғылыми кеңес отырысында ұсынылды.
4.	Тіркелген инциденттерді талдау. Алдын алу іс-шараларының тиімділігін тексеру	2025 жылғы қараша	Тұрақты даму орталығы	Тіркелген инциденттерге талдау жүргізілді, ТБАЖ шеңберінде инциденттер тізілімі қалыптастырылды. Алдын алу іс-шараларының тиімділігі жылдық есеп шеңберінде ұсынылады. ТБАЖ-ға енгізу үшін негізгі тәуекелдердің алдын алу іс-шаралары бойынша тиімділік метрикалары әзірленді
5.	3-тоқсанға тәуекелдерді басқару бойынша есеп	2025 жылғы қараша	Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор, Тұрақты даму орталығы	3-тоқсанға тәуекелдерді басқару бойынша есеп дайындалды
6.	Құрылымдық бөлімшелердегі тәуекелдерді басқару тиімділігін талдау	2025 жылғы желтоқсан	Тұрақты даму орталығы	Құрылымдық бөлімшелердегі тәуекелдерді басқару тиімділігін бағалау бөлімшелердің жылдық есептері

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
 2025 ЖЫЛҒЫ 4-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

				шеңберінде жүргізіледі. Өзектендіру құрылымдық бөлімшелердің Тәуекелдер тіркелімін 2026 жылғы қаңтарда жүргізілетін болады.
7.	4-тоқсанға тәуекелдерді басқару бойынша есеп	2025 жылғы желтоқсан	Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор, Тұрақты даму орталығы	4-тоқсанға тәуекелдерді басқару бойынша есеп дайындалды

Қорытынды

4-тоқсан қорытындысы бойынша кафедралардың штаттық құрамының өзгеруіне және ПОҚ-тың кәсіби даму қажеттіліктерін талдау қажеттілігіне байланысты құрылымдық бөлімшелердің екі шоғырландырылмаған тәуекелінің іске асуы тіркелді.

Есепті кезеңде тәуекелдердің ашықтығы мен басқарылуын арттыру үшін институционалдық негіз қалыптастырылды, бұл Инциденттер тізілімін құру және ТБАЖ функционалын кеңейту арқылы көрініс тапты. Бұл шаралар тәуекелдерді басқару процесінің жүйелілігі, есептілігі және құжатталуы бөлігінде ISO 31000:2018 қағидаттарына сәйкес келеді және фрагментарлық ден қоюдан үздіксіз мониторингтеу мен жақсарту цикліне көшу үшін жағдай жасайды.

Кадрлық өзгерістер мен оқыту сапасына байланысты академиялық және стратегиялық сипаттағы екі шоғырландырылмаған тәуекелдің тіркелген іске асуы Университет бойынша тиісті шоғырландырылған тәуекелдердің іске асуына алып келген жоқ. Бұл бұрын енгізілген алдын алу және реактивті іс-шаралардың тежеуші әсерін, сондай-ақ институционалдық деңгейде жүйенің орнықтылығының жеткілікті деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар «5 WHY» әдісі бойынша жүргізілген талдау ПОҚ құзыреттерін дамыту қажеттіліктерін тұрақты бағалаудың болмауына, докторантураны аяқтаған ПОҚ-ты қолдаудың жеткіліксіздігіне және кафедра деңгейінде оқытушылардың кәсіби әл-ауқатын мониторингтеу тәжірибесінің шектеулілігіне байланысты жүйелік бастапқы себептердің бар екенін анықтады.

Қызметкерлерді тәуекел-менеджмент саласында оқыту нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдауда тәуекелдерді басқарудың рөлі туралы бірыңғай әдіснамалық түсініктің қалыптасқанын растайды. Сонымен бірге ТБЖ және ІБ саясатын өзектендіру жөніндегі ұсынымдар жаңа тәсілдерді нормативтік бекіту қажеттілігін, оның ішінде тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау және құрылымдық бөлімшелер басшыларының КРІ жүйесі арасындағы байланысты күшейтуді көрсетеді.

Одан әрі дамытудың басым бағыттары тәуекел-мәдениетті тереңдету, академиялық тәуекелдер мониторингін институттандыру және кадрлық тәуекелдерді превентивті басқарудың орнықты тетіктерін қалыптастыру болып табылады, бұл Университеттің ұзақ мерзімді тұрақты даму мақсаттарына тікелей сәйкес келеді.